

Хаттама №6

«Тасарык» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 24 мамыр күні жоспарға сәйкес кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-42

Қатысқаны-36

Дәлелді себептермен қатыспағаны-6

Күн тәртібінде:

1. IV тоқсандағы және жылдығы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы /Б.Аханова, С. Кәрібай /
2. 2023-2024 оқу жылында 1-10 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру. 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы/Б.Аханова, сынып жетекшілер/
3. 9-сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» және 11-сынып бітірушілерін «Алтын белгі» белгісіне ұсыну туралы. /Б. Аханова/
4. Жазғы мектепті ұйымдастыру және оқушылардың каникул кездеріндегі өмір қауіпсіздігі және олардың жазғы демалысын ұйымдастыру /С. Кәрібай/
5. Мектепшілік бақылау бойынша: А) Үйден оқыту бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы. Ә) Мұғалімнің балалармен, басқа мұғалімдермен, оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату және қолдау, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қажетті уақытта тиісті ықпал ету шараларын таңдау мүмкіндіктерін бағалау. Б) Мұғалімнің балаларды ұйымдастыру, әртүрлі іс-шараларға қосу, өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыру қабілетіне баға беру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп-директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай сөз алып, ІҮ оқу тоқсанындағы және жылдығы бойынша оқу – тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы баяндады.

ІҮ оқу тоқсанын 1-11 сынып аралығында 101 оқушымен бастап, 101 оқушымен аяқтадық. 1 сыныпқа 1 оқушы келді, басқа мектепке ауысқан оқушылар жоқ. Тоқсандық және жылдық қорытынды бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті.

2 сыныпта 10 оқушы 5 үздік, 4 екпінді білім сапасы 90 пайыз.

3 сыныпта 10 оқушы 5 үздік, 2 екпінді білім сапасы 70 пайыз.

4 сыныпта 9 оқушы 3 үздік, 5 екпінді білім сапасы 88 пайыз

5 сыныпта 7 оқушы 2 үздік, 2 екпінді білім сапасы 57 пайыз.

6 сыныпта 10 оқушы 3 үздік, 2 екпінді білім сапасы 50 пайыз.

7 сыныпта 8 оқушы 4 үздік, 1 екпінді білім сапасы 50 пайыз

8 сыныпта 8 оқушы 3 үздік, 2 екпінді білім сапасы 62,5 пайыз

9 сыныпта 8 оқушы 3 үздік, 1 екпінді білім сапасы 50 пайыз.

10 сыныпта 7 оқушы 2 үздік, 2 екпінді білім сапасы 57 пайыз.

11 сыныпта 7 оқушы 1 үздік, 5 екпінді білім сапасы 71 пайыз

Үздік оқушылар саны - 30, екпінді оқушылар саны – 29 білім сапасы

Білім сапасы - 70,2 пайыз

«Тасөткел» бастауыш мектебінде 5 оқушы. 2-4 сынып аралығында 4 оқушы, оның 1 үздік, 1 екпінді білім сапасы - 50 пайыз

Келесі кезекте мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Кәрібай сөз алып, 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысын қорытындылады. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Үш құндылық» бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен кешенді жоспар

жүзеге асырылып, әр құндылықта іске асыратын мақсаттары мен міндеттері орындалып, нәтижелі ұсынымдар жүзеге асырылды. Атап айтар болсақ, жыл бойы өткізілген тәрбие сағаттары, сынып сағаттары және сыныптан тыс жұмыстар «Мектеп, ата-ана, оқушы» болып, құндылықтарға негізделген шаралар өткізілді. 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айы «Білім айы» болып белгіленсе, осы айда белгіленген «Тіл тазалығы» апталығы Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығы, Оралхан Бөкейдің 80 жылдығы өткізілді. Сол сияқты әрбір айға белгіленген Алаш, Қоғам, ақын жазушыларының да атаулы күндері аталып өткізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша іске асырылуға тиісті шаралар өткізіліп, тиісті шаралар қабылданды. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысын жүргізуге арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектептер бойынша тиімді болды деп есептеймін.

Қылмыстық құқық бұзушылық, қауіпсіздіктің алдын алу бойынша да жылдық жоспары бойынша жұмыстар жүргізіліп, тиісті жұмыстар атқарылды. Осы оқу жылында және соңғы үш жыл көлемінде тиісті органдарға ешқандай оқушыларымыз тіркелген жоқ.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова, сынып жетекшілері: 2023-2024 оқу жылында 1-10 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру. 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы айтып өтті.

2023-2024-оқу жылында 1-10 сынып оқушыларын сынып жетекшілер сыныпта-сыныпқа көшіру сұралды.

1-сынып жетекшісі Ж.Биманова: сыныпта 11 оқушы бар. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен 2 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

2-сынып жетекшісі А. Кәрібаева: сыныпта 10 оқушы бар. 5 үздік, 4 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен 3 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

3-сынып жетекшісі Б.Кәрібаева: сыныпта 10 оқушы бар. 5 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен 4 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

4-сынып жетекшісі Г.Есет: сыныпта 9 оқушы бар. 3 үздік, 5 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен 5 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

5-сынып жетекшісі Р.Байзақ: сыныпта 7 оқушы бар. 2 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен аралық аттестацияға жіберіліп, қорытындысымен 6 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

6-сынып жетекшісі Ж.Асанова: сыныпта 10 оқушы бар. 3 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен аралық аттестацияға жіберіліп, қорытындысымен 7 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

7-сынып жетекшісі Е.Елепберген: сыныпта 8 оқушы бар. 4 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен аралық аттестацияға жіберіліп, қорытындысымен 8 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

8-сынып жетекшісі А.Курманшаева: сыныпта 8 оқушы бар. 3 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен аралық аттестацияға жіберіліп, қорытындысымен 9 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

9-сынып жетекшісі А.Әлім: сыныпта 8 оқушы бар. 3 үздік, 1 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен мемлекеттік бітіру емтиханына жіберуіңізді сұраймын.

10 – сынып жетекшісі Б.Бөлебаева: сыныпта 7 оқушы бар. 2 үздік, 2 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен аралық аттестацияға жіберіліп, қорытындысымен 11 сыныпқа көшіруіңізді сұраймын.

11-сынып жетекшісі Ө.Каримова: сыныпта 7 оқушы бар. 5 екпінді. Осы педагогикалық қаулысының шешімімен мемлекеттік бітіру емтиханына жіберуіңізді сұраймын.

Келесі мәселе 9 сынып бітірушілерін «Үздік аттестатқа» және 11 сынып бітірушілерін «Алтын белгі» белгісіне ұсыну туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова баяндады.

9 сынып бойынша 8 оқушы оның 3-і үздік. Саралау барысында 1 оқушы Шахмерден Наз «Үздік аттестатқа» ұсынылды. 11 сынып бойынша үздік оқушы жоқ. Баға тексеру комиссиясының педагогикалық кеңестің шешімімен 9-сынып бойынша

Шахмерден Назды негізгі орта мектепті бітіру туралы «Үздік аттестатқа» ұсынуды сұраймыз.

Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен 9-сынып бойынша Шахмерден Наз негізгі орта мектепті бітіру туралы «Үздік аттестатқа» ұсынылса.

Келесі мәселелер бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С. Кәрібай жазғы мектепті ұйымдастыру және оқушылардың каникул кездеріндегі өмір қауіпсіздігі және олардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы айтып өтті. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денінің саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру ұйымдарының жазғы сауықтыру лагерь жұмыстары ауысым бойынша ашылады. Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Жыл сайын елімізде әр түрлі үлгідегі мыңнан астам лагерлер жұмыс істеп, 1 миллионнан астам балалар демалады. Балалардың жазғы кезде демалуы үшін лагерлердің екі типі болады: мектептегі және қала сыртындағы. Осы орайда мектебіміздің жанынан құрылған «Балдәурен» тынығу лагеріне 27-мамырдан бастап, 30 бала қамтылып, өз жұмысын бастады. Мектеп жанындағы лагерьде, лагерь директорымен бірге 7-педагог қызметкер жұмыс жүргізетін болады. Жазғы тынығу лагерінде жоспарға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазалы қаласындағы «Шағала» тынығу лагеріне 2-ауысымы бойынша, жеті оқушымыз демалатын болады. Балалардың өмір жол қауіпсіздігіне жауапты мамандар бекітіліп, жауапкершілігі таныстырылды. Мектеп жанындағы лагерьде тамақсыз ұйымдастырылған екінші ауысымы олардың демалысын қамтамасыз етеді. II ауысымда тамақсыз ұйымдастырылатын лагерьде де 30 бала қамтылады, олар мектеп жанында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып, көркейту коғалдандыру жұмыстарымен айналысады.

Ұсыныс: Оқушылардың жазғы демалысы мен тынығу кезеңін, мектеп жанындағы және сыртқы сауықтыру лагерьлерін ұйымдастырылу кезінде өмір қауіпсіздігі қатаң бақылауда болса.

Келесі мәселе мектепшілік бақылау бойынша: А) Үйден оқыту бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы. Ә) Мұғалімнің балалармен, басқа мұғалімдермен, оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату және қолдау, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қажетті уақытта тиісті ықпал ету шараларын тандау мүмкіндіктерін бағалау. Б) Мұғалімнің балаларды ұйымдастыру, әртүрлі іс-шараларға қосу, өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыру қабілетіне баға беру туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова айтып өтті.

А) Үйде оқыту бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы.

2023-2024 жылдарда 8 сыныпта үйден оқитын 1 оқушы бар. Барлық оқу бағдарламасы бойынша толық меңгертілген.

Ә) Мұғалімнің балалармен, басқа мұғалімдермен, оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату және қолдау.

Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері ата-аналармен сабақ барысында, сыныптан тыс жұмыстар барысында тығыз байланыста. Тоқсандық қорытынды бойынша сыныптарда жиналыстары өткізіліп, ата-аналармен пікірталас, психологиялық тренинг өткізілді.

Б) Мұғалімнің балаларды ұйымдастыру, әртүрлі іс-шараларға қосу, өзін-өзі тәрбиелеу. Мұғалімдер оқушылардың қабілеттеріне қарай түрлі сайыстар мен шараларға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Пәндік олимпиада жеңімпаздары :

Р/с	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Пәні	орны	Жетекшісі
1	Есет Нұрислам	5	тарих	III	Байзақ Р
2	Құттыбай Мансұр	7	математика	III	Елепберген Е
3	Набатбай Дармен	7	физика	III	Қалекеева Г
4	Жанабек Меңсұлу	7	биология	Алғыс хат	Ысқақова А
5	Жарылқасын Жеңіскүл	8	география	III	Қожамбетов А
6	Әнуарбек Назылы	8	химия	Алғыс хат	Ізбасаров Ә
7	Әмірбек Нұрталап	11	физика	III орын	Қалекеева Г

Ғылыми жоба жеңімпаздары :

р/с	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	орны	Жетекшісі
1	Серік Инабат	3	III	Кәрібаева Балагүл
2	Құттыбай Мансұр	7	II	Булебаев Тойбазар
3	Жанабек Меңсұлу	7	Алғыс хат	Ысқақова А
4	Шахмерден Наз	9	III	Қосбанбетова Г
5	Шахмерден Наз	9	III	Асанова Ж
6	Шахмерден Наз	9	Алғыс хат	Қосбанбетова Г
7	Тұрдымұрат Айжан	10	III	Ысқақова А

Сайыс жеңімпаздары :

р/с	Оқушы аты-жөні	Сыныбы	Сайыс түрі	орны	Жетекшісі
1	Құттыбай М	7	«Сырдың ұлы перзенті»байқауында Мәнерлеп оқу	II	
2	Көпен А	8	« Сәкен жыр сұңқары» байқауында Мәнерлеп оқу	II	Ұзақбай Ә
3	Көпен А	8	« Ел құтқарар ер едім » байқауында Мәнерлеп оқу	III	Ұзақбай Ә
4	Тұрдымұрат А	10	Мәнерлеп оқу	Алғыс хат	
5	Қаралпақ Н	9	«Айбын » топтық байқау	I	Әбжали Н
6	Әмірбек Н	11	«Әскерге шақырылушы -2024» байқау	II обл	Әбжали Н
7	Әмірбек Н	11	Жас мерген -2023	III ауд	Әбжали Н
8	Әмірбек Н	11	Жас мерген -2023	III обл	Әбжали Н
9	3 сынып	2-4	Театр байқауы		Асанова Ж
10	Жарылқасын Ж	8	Лингвистикалық олимпиада	Алғыс хат	Әлім А
11	Оқушылардан құралған	5-6	Жеңіл атлетика	III орын аудандық	Жарболов С
12	Әуес М	9	Табиғат сенің өз үйің	II орын	Ысқақова А

Ә) Ұжымдық педагогикалық жобаларға қатысу жиілігін анықтау. Мектепшілік бақылау барысында ұжымдық педагогикалық жобаларға қатысу жиілігін анықтау мақсатында жұмыстары жүргізілді.

Нәтежесінде төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

P/c	Мұғалімнің аты-жөні	Сайыс түрі	Орыны
1	Кеулімжай Әлия	1. «Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері-Е.Н.Әуелбеков: Еңбек жолы мен мемлекеттік басқару үлгісі» тақырыбындағы облыстық педагогикалық оқу. 2. «Бір мектеп-бір жоба» атты аудандық байқауда «Үздік ашық сабақ» номинациясы 3. «Ғылымның мұнарасы» тақырыбындағы аудандық ғылыми-әдістемелік конференция	1.Сертификат 2. Алғыс хат. 3.Алғыс хат
2	Кәрібаева Балагүл	Буктрейлер сайысы	III орын
3	Бөлебаева Бақыткүл	Авторлық бағдарлама	II орын
4	Ұзақбай Әлия	Практикалық жұмыс	I орын
5	Әбжали Н		I (екеу) аудандық III (екеу) аудандық
6/c	Ізбасаров Ә	Әдістемелік конференцияда	Алғыс хат
7	Жарболов С	Спорттық сайыс	I республикалық аудандық облыстық
8	Ысқақова А	Практикалық жұмыс	II орын
9	Елепберген Е	Оқушысы, пәндік олимпиада	III орын
10	Қалекеева Гүлшат	Оқушысы, пәндік олимпиадада	III орын
11	Асанова Ж	Ғылыми жоба мен театр байқауында оқушылары, жұлдегер	III орын

Ұсыныс: Алдағы оқу жылында шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісіп, сайыстар мен олимпиада, ғылыми жобаларда жұлделі орындар қатарын көбейтуге жұмыстар жасалса.

Шығып сөйлеушілер:

1. **География пәнінің мұғалімі А.Қожамбет:**
Әріптестер, 2023-2024 оқу жылында жеткен жетістіктеріңіз құтты болсын. Кемшіліктермен жұмыстар 2024-2025 оқу жылында жүргізіледі деген ойдамын. Мектептің, ұстаздың абыройы үшін қай-қайсымыз да оқушыларымызбен үздіксіз, нәтижелі жұмыстар жасап, көрсетуге тиіспіз.

2. **Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Б.Кәрібаева:** 2023-2024 оқу жылында мектебіміздің директоры Әлия Кеулімжай Талғатбекқызының алға жетелеуінің арқасында көптеген жұмыстар жүргізіліп, жетістіктерге жеттік. Қаралған мәселелер маңызды деп білемін жазғы тынығу лагері балаларға көп мүмкіндік береді. Оқушыларымды түгел қатыстыруға тырысып, ата-аналарымен тығыз байланысуға ұмтылып жатырмын. Қол жеткен азды-көпті жетістіктер алдағы уақытта да жалғасын тауып, көбейе берсін. Шәкірттердің кішкентай жетістігі мұғалімдердің тынымсыз да үздіксіз, уақытпен санаспай жасаған каншама еңбегінің арқасы ғой. Бір оқу жылын абыроймен аяқтап жатырмыз. Әріптестеріме жақсы демалыс тілеймін. Аман-есен, қыркүйекте қайтадан түп-түгел қауышуды жазсын деп тілеймін.

3. **Мектептің бағдарлы ісі жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Т.Бөлебаева:** Құрметті ұстаздар көптеген жетістікке жеттік. Жетістіктеріңіз құтты болсын 11 сынып оқушыларына ҰБТ-да жоғары балл алуға сәттілік тілеймін. Ендігі үлкен бір сынақ бұл биылғы бітіруші 7 оқушымыздың 5-уі ҰБТ-ке қатысқалы дайындық үстінде жүр. Осы балаларымыз жақсы нәтижелерге қол жеткізсе де тілеймін.

4. **Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі А.Қожамбет:** 2023-2024 оқу жылында мектебіміздің директоры Әлия Кеулімжай Талғатбекқызының алға жетелеуінің арқасында көптеген жұмыстар жүргізіліп, жетістіктерге жеттік. Қаралған мәселелер маңызды деп білемін жазғы тынығу лагері балаларға көп мүмкіндік береді. Оқушыларымды түгел қатыстыруға тырысып, ата-аналарымен тығыз байланысуға ұмтылып жатырмын. Қол жеткен азды-көпті жетістіктер алдағы уақытта да жалғасын тауып, көбейе берсін. Шәкірттердің кішкентай жетістігі мұғалімдердің тынымсыз да үздіксіз, уақытпен санаспай жасаған каншама еңбегінің арқасы ғой. Бір оқу жылын абыроймен аяқтап жатырмыз. Әріптестеріме жақсы демалыс тілеймін. Аман-есен, қыркүйекте қайтадан түп-түгел қауышуды жазсын деп тілеймін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының IV тоқсандағы және жылдығы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 1-8,10 сынып оқушылары аралық аттестация емтихандарына жіберіліп, қорытындысымен келесі сыныптарға көшірілсін, сондай-ақ, 9 және 11 сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға, бітіру емтихандарына жіберілсін.
3. 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен 9-сынып бойынша Шахмерден Наз негізгі орта мектепті бітіру туралы «Үздік аттестатқа» ұсынылсын.
4. 2023-2024 оқу жылының соңындағы «Жазғы мектепті» ұйымдастыру және оқушылардың каникул кездеріндегі өмір қауіпсіздігі, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С. Кәрібайға жүктелсін.
5. Мектепшілік бақылау бойынша: А) Үйден оқыту бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы. Ә) Мұғалімнің балалармен, басқа мұғалімдермен, оқушылардың ата-аналарымен байланыс орнату және қолдау, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қажетті уақытта тиісті ықпал ету шараларын таңдау мүмкіндіктерін бағалау. Б) Мұғалімнің балаларды ұйымдастыру, әртүрлі іс-шараларға қосу, өзін-өзі тәрбиелеуге ынталандыру қабілетіне баға беру бойынша жүргізілген жұмыстарға сараптама жасап, қорытындысын жариялау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға бекітілсін.

орта мектепті бітіру туралы «Үздік аттестатқа» ұсынылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Ә. Кеулімжай

Хатшы:

А.Жарболова

Хатшы:

А.Жарболова